

Тайынша

Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 28 (880) 24 маусым, 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany

http://tainshatany.kz

tainsha_tan@list.ru

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ СИМВОЛДАРЫ

Кез келген тәуелсіз мемлекеттегідей, біздің де мемлекеттің аса маңызды және қасиетті рәміздері – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны, Туы мен Елтаңбасы бар. Мемлекеттік рәміздер тек көркем образдар ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік тәуелсіздікті жүзеге асырудың идеясы. Әр түрлі елдердің тұрғындары өздерінің мемлекеттік рәміздерін мақтан тұтады. Бірақ Елтаңба, Ту және Әнұран қалай көрінетінін білу ғана емес, сонымен қатар олардың символизмін түсіну маңызды. Бұл үшін олардың тарихы, осы мемлекеттік рәміздердің қалай пайда болғандығы және олардың ғасырлар бойы қандай жолмен өткендігі туралы түсінік болуы керек.

Біздің Мемлекеттік Туымыз – егемендігіміз бен біртұтастығымызды білдіретін басты символымыздың бірі. Туымыздың ашық көгілдір түсі адалдық және мінсіздікті білдірсе, Қазақстанның Мемлекеттік Туында ол ашық аспан, бейбітшілік және игілікті, ал бір түсті фон – еліміздің бірлігін білдіреді. Геральдикалық қағидаларға сүйенсек, күн байлық пен молшылықты, өмір мен энергияны бейнелейді. Сондықтан елдің туындағы күн сәулелері астық түрінде бейнеленіп, байлық пен өркендеудің символы болып табылады. Күн астында қанатын жайған бүркіт мемлекеттің күш-қуатын, оның егемендігі мен тәуелсіздігін, биік мақсаттар мен жарқын болашаққа ұмтылысын айқындайды. Тудың сабында жағалай өрнектелген ұлттық ою Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрін символдық тұрғыда бейнелейді.

Мемлекеттік Туымыз еліміздің барлық үкіметтік ғимараттарында және шетелдегі елшіліктерде көтерілген. Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаев 2020 жылғы 27 қазанда Мемлекеттік Туды пайдалануға қатысты қолданыстағы мемлекеттік рәміздерді пайдалану қағидаларын қайта қарау туралы тапсырма берді. Енгізілген өзгерістердің нәтижесінде Қазақстан Республикасының азаматтары үшін Мемлекеттік Туды пайдалану саласы заңнамалық түрде кеңейтілді. Атап айтқанда, енді ҚР Мемлекеттік Туын жеке және заңды тұлғалар ғимараттарда (тұрғын және тұрғын емес үй-жайларда), оның ішінде балкондарда және салтанатты іс-шаралар өткізілетін орындарда патриоттық сезімдерін, қазақстандық бірегейлігін білдіру, елдің, оның азаматтарының жетістіктерін қолдау мақсатында пайдалануы мүмкін.

Ұлтымыздың мемлекеттік Елтаңбасы-мемлекеттің ресми және заңды пайдалануы үшін сақталатын ерекше символы. Бұл биліктің көрінісі және оның конституциялық құндылықтарының негізін көрсетеді. Мемлекеттік Елтаңба үлкен маңызға ие, құрметтеледі және ресми түрде тек ұлттық іс-шараларда қолданылады. Мемлекеттік Елтаңба барлық мемлекеттік валюталарда, бланкілерде және паспорттарда басылады. Әр ел өзінің ұлттық Елтаңбасы арқылы халықаралық деңгейде танылады.

Елтаңбаның көгілдір түс бетінде «Шаңырақ», «Кереге», «Босаға» орналастырылған. Шаңырақ қашанда ел тұтастығын, отбасы бірлігін білдіреді. Ал кереге еліміздің іргесі берік болсын деген мағынада қойылған. Уықтар шаңырақты ұстап тұрады, осы жерде автор біздің елімізде тұрып жатқан көп ұлтты ел екенін тағы бір айқындағандай. Түптеп келгенде, бірліктің, ынтымақтың нышанын білдіреді. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағына қанатты тұлпар бейнеленген. Қазақ тарихында тұлпар – батырдың серігі. Елтаңбаға мән беріп қарасақ, жай ат емес, мүйізді ат бейнеленген, аттың мүйізінде ұлтымыздың дәстүрі көрініс тапқан. Мүйіздер жеті бөлікке бөлінген. Бұл – «жеті ата» дегенді білдіреді. Демек, Мемлекеттік Елтаңба әр ұлт үшін мақтаныш белгісі және елдің әр азаматы үшін ерекше, сондай-ақ эксклюзивті болып саналады. Департаменттің балансында 1 Мемлекеттік ту және 1 Мемлекеттік Елтаңба бар. Департамент басшысының кабинетінде ұлттық стандарттарға және белгіленген ережелерге сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы, Мемлекеттік Елтаңбасы орналасқан. Департамент ғимаратының холында Мемлекеттік рәміздерін қолдану, дамыту және насихаттау бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыс жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерінің қолданылуы мемлекеттік мерекелерге арналған салтанатты іс-шаралар өткізу кезінде қамтамасыз етіледі. Қазақстан-көптеген алға қойылған міндеттері мен қағидалары, идеялары мен айқын болашағы бар жас мемлекет. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері әлемнің тарихында мақтаныш, тәуелсіз, орталықтандырылған елдің бейнесі ретінде мәңгі сақталады.

Мәриям ЫСҚАҚОВА,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері Агентігінің СҚО бойынша Департаментінің Мемлекеттік қызмет көрсету басқармасының бас маманы.



ҚҰРМЕТТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді, Қазақстан Республикасының полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – ішкі істер саласында абыройлы еңбек еткен ардагерлер мен солардың ізбасарлары, бүгінгі тәртіп сақшыларына құрмет көрсетілетін сәт. Қазақстан полициясы – қоғамдағы құқықтық тәртіпті, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдардың бірі. Олардың кәсіби біліктілігі мен сертіне беріктігінің арқасында қоғам арасында тұрақтылық қалыптасып, адамдардың осы сала мамандарына деген сенімі артып келеді. Өз бастарыңызды тәуекелге тігіп, өзгенің өмірі үшін күніне сан түрлі қақтығыстармен бетпе-бет келсеңіздер де, Отан алдындағы борыштарыңызды адал атқарып келесіздер. Сіздердің жүйелі жұмыстарыңыздың

нәтижесінде өңірімізде адамдардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары қорғалып, қылмыс саны да күн санап азайып келеді. Кәсіби ұстанымдарыңыздан таймай, ауыр індетпен күрес кезінде күн-түн демей халықтың қауіпсіз өмір сүруіне қолайлы жағдай жасай алдыңыздар

Бұл- қарапайым халықтың барлық уақытта сіздерге арқа сүйей алатындығының айқын дәлелі! Бүгінгі кәсіби мереке қарсаңында осындай ерен еңбектеріңіз үшін баршаңызға алғыс білдіремін. Жұмыстарыңыз жемісті, отбасыларыңыз бай-қуатты болсын!

Руслан АҢБАЕВ,

Тайынша ауданының әкімі.

* * * * *



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР – МЕМЛЕКЕТТІҢ АЙНАСЫ

Ауданымыздың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алға басуы да көп жағдайда мемлекеттік қызметшілер, сіздерге байланысты. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында ғана еліміз табысы мол, гүлденген мемлекетке айнала алады деген ойдамын. Мемлекеттік қызмет – халықтың сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтату.

Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені

белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет.

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отыра, ел игілігі жолындағы қызметтеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, елімізге тыныштық тілеймін! Отанымыз – Қазақстан Республикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын! Мемлекеттік қызметші күнімен құттықтаймын!

Руслан АҢБАЕВ, Тайынша ауданының әкімі.



Жастар денсаулық орталықтарында жасөспірімдерге 182 мыңнан астам медициналық қызмет көрсетілді – МӘМС

Жастар денсаулық орталықтары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында жұмыс істегеннен бері оған жүгінушілер саны да айтарлықтай артты. Ағымдағы жылы медициналық қызметтер үшін 2,2 млрд теңгеге шарт жасалды. 5 айда 182 мыңнан аса қызмет көрсетіліп, оған 431 млн-нан астам қаржы жұмсалды деп хабарлайды Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры.

Жастар денсаулық орталықтары жас буынның денсаулығын сақтау мен нығайтуда маңызды рөл атқарады. Бүгінде орталық қызметтеріне деген сұраныс өсіп отыр. Міндетті түрде құпиялылықты сақтау әдісімен жастарға арналған қызметтерді ұсынады.

«Пациенттердің медициналық көрсеткіштеріне қарай, кешенді диагностикалық, емдеу, кеңестік, профилактикалық, медициналық, әлеуметтік, зертханалық зерттеулер және оңалту шараларына жолдама беріледі. Қабылдауды білікті мамандар жүргізеді. Олардың қатарында акушер-гинеколог, психолог, уролог-андролог, психотерапевт, психиатр, дерматовенеролог, әлеуметтік қызметкер және фельдшер бар», – дейді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының заңды және жеке тұлғалармен жұмыс жасау департаменті директорының орынбасары Жанар Ботагарина.

Орталықтарда 12–17 жас аралығындағы жасөспірімдер және 18–29-дағы жастарға қызмет көрсетіледі. Олардың ерекшеліктеріне қарай кешенді медициналық-әлеуметтік және психологиялық көмек беріледі. Қазір Қазақстан бойынша қалалық, аудандық емхана мен жекеменшік клиникаларда барлығы 218 орталық міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында жұмыс істейді.

«Жастар денсаулық орталықтары кәмелетке толмағандарға медициналық психологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне айналды. Басты мақсат – жасөспірімдер мен жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, репродуктивті денсаулықты қорғау, оның ішінде ерте жыныстық белсенділік пен ерте жүктіліктің алдын алу, контрацептивтерді қолдану, отбасын жоспарлау және жыныстық жолмен берілетін инфекциялар туралы ақпараттандыру», – дейді Жанар Ботагарина.

Жасөспірім шақ – сенімді серік іздейтін, көңілдің албырт шағы. Ата-ананың баласының шешімдерін түсінбеуі, қолдамауы, тіпті балаға мүлде көңіл бөлмеуі психикалық өзгерістерге алып келеді немесе біреуге айтуға қорқатындай жағдайға тап болуы мүмкін. Мектептегі қудалану, үлкендердің немесе құрдастарының сексуалдық алымсақтығы, бәлкім танысының зорланған болуы, жыныстық жолмен берілетін ауру белгілерін өз бойынан табуы немесе ерте жүктілікке тап болуы секілді түрлі мәселелер бойынша Жастар денсаулық орталығында жағдайдың басын ашуға және оң шешімін табуға көмектеседі. Дегенмен, әрбір жас өз денсаулығы үшін басты жауапкершілікті өзі сезінгені дұрыс. Бұл ретте ата-ана тәрбиесінің де маңызы зор.

Егер сұрақтарыңыз болса, сіз оларды емханаңыздан Пациенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласып сұрай аласыз. Егер сізге ол жерде көмек көрсетілмесе, онда өзіңізге ыңғайлы байланыс арнасы арқылы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өтініш жібере аласыз: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyruBot. Дәл осы құралдар сақтандырылу мәртебесін тексеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, медициналық сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебеңізді тексеріп, жүргізілген төлемдер туралы ҚР электрондық үкіметінің egov.kz сайтындағы «Денсаулық сақтау» бөлімінде «Медициналық қызметтер туралы және МӘМС-ға аударылған сомалар туралы ақпарат» мемлекеттік қызметі арқылы біле аласыз.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ СҚО бойынша филиалының
баспасөз қызметі

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

1941-1945 жылдардағы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі ретінде тарихқа мәңгі енді.

1941-1945 жылдардағы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі ретінде тарихқа мәңгі енді. Бұл соғыста Қазақстандағы әр отбасынан жүздеген мың адам қолына қару алып, ұрыстарға қатынасты. Соғыстың басталуы және оның сипаты туралы тарихи деректерге сүйенетін болсақ: Шабуыл жасаспау туралы (1939 ж. 23 тамыз) Кеңес Одағымен жасаған келісімді фашистік Германия 1941 жылы 22 маусымда бұзып, соғыс жарияламастан КСРО аумағына аяқ астынан басып кірді. 1940 жылдың орта кезеңінде-ақ (18 желтоқсан) Гитлер КСРО-ға басып кірудің «Барборосса жоспары» деп аталатын стратегиялық жоспарын жасауға кіріскен болатын. Бұл жоспар бойынша фашистік Германия мен оның қол шоқпарларының құрлықтағы, әуедегі және соғыс теңіз күштері КСРО-ға бір мезгілде шабуыл жасайтын болды. Бұл жоспардың басты мақсаты қысқа мерзім ішінде (3-4 ай), «қауырт соғыс» идеясы бойынша соғысты 1941 жылдың күзінде (қараша) аяқтау тиіс еді. Фашистік Германияның негізгі мақсатының саяси және экономикалық астары болды. Германия империясы шикізат үшін, азық-түлік базасы ретінде қуыршақ мемлекет құруды көздеді.

Кеңес адамдарының патриоттық сезімі, әрине, бұл жоспарға қарсы тұра білді. Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жаппай жазыла бастады. Мысалы, Алматы медицина институтының студенті Маншүк Мәметова: "Отбасымыздан майданға жіберетін ешкім жоқ, ағам да, апам да жоқ, сондықтан өзімді жіберуді өтінемін", – деп әскери комитетке өтініш берді. Қазақстаннан соғыс майдандарында 100-ге жуық ақындар мен жазушылар шайқасқан. Республика бойынша 2 миллионнан астам адам әскери даярлықтан өтті.

Соғыстың алғашқы кезеңінде 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, майданға жіберілді. Қазақстандық 36 жеке атқыштар бригадасы 30-дан астам ұлттан құрылды. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316-атқыштар дивизиясы құрылып, оның командирі генерал М. В. Панфилов болды. Армия қатарына 1196164 (1196300) қазақстандық қосылып, әрбір бесінші адам майданға аттанды. Соғыстың сипаты – Германия тарапынан бұл соғыс агрессиялық, жаулап алушы, әділетсіз соғыс болды, ал Кеңес Одағы тарапынан әділетті өз жерін қорғаған, азаттық Отан соғысы болды. Соғыстың басталуына байланысты ел экономикасын соғыс жағдайына бейімдеу басталды. Қазақстан экономиканы соғысқа бейімдеп қайта құру әскери бағытқа көшірілді. Бейбіт мақсаттарға жұмсалатын қаржы мейлінше қысқартылды. Көптеген кәсіпорындар қорғаныс өнімдерін шығара бастады. Өскемен қорғасын – мырыш комбинаты, Қарағанды көмір шахталары сияқты соғысқа қажетті өнімдер шығаратын өнеркәсіп құрылыстарын салып аяқтады. Соғыс жүріп жатқан жерлерден және майданға жақын аймақтардан 220 завод пен фабриканы, кәсіпорындары Қазақстанға көшіру жүргізілді. Өнеркәсіптерді Қазақстанға көшіру екі рет жүргізілді: 1. 1941 жылдың аяғы мен 1942 жылдың басы; 2. 1942 жылдың күзінде өнеркәсіп орындары, кәсіпорындар, негізінен, Мәскеу, Ленинград облыстарынан, Украина, Беларусь жерлерінен әкелінді.

Украинадан Қазақстанға көшіріліп әкелінген кәсіпорындар: Харьков электротехника заводы, Подольск механика заводы, Запорожье ферроқорытпа заводы, Днепропетровск вагон жасау заводы т. б. Украинадан Қазақстанға 70 өнеркәсіп орны мен жабдығы әкелінді.

Қазақ КСР-не әкелінген өнеркәсіптер мен фабрикалар, кәсіпорындар: Алматы, Қарағанды, Шымкент, Петропавл, Семей, Ақтөбе, Орал қалаларында орналастырылды.

Әрине, Қазақстанға әкелінген кәсіпорындар өте қиын жағдайда жұмыс істеді. Өнеркәсіп орындарымен бірге Қазақстанға майдан өңірінен көптеген мамандар да көшірілді. Мысалы, тек қана Домбасстан 3200-ге жуық шахтер, 2000-дай құрылысшы келді. Майдан өңірлерінен келген инженер-техниктер саны 700-дай болды.

Қазақстан КСРО-ның негізгі әскери-өнеркәсіп базасына айналды. 1942 жылы Одақта өндірілген қорғасынның 85%-ын, көмірден 18%-ын, молибденнің 60%-ын, октанды мұнайдың 1 млн тоннаға жуығын берді.

1942 жылы 24 тамызда Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің «Қарағанды көмір алабында көмір өндіруді арттыру жөніндегі шұғыл шаралар туралы» қаулысы шықты. Облыстың және ауданның еңбеккерлері Қарағанды шахталарын қамқорлыққа алу жөнінде патриоттық қозғалыс бастады. Шахтерлерді азық-түлікпен қамтамасыз ету, шахталарда тұрақты жұмыс істеу үшін адамдар жіберу, Қарағанды облысындағы 30 желісі 3 есе, оқушылар саны 5 есе көбейді. 1943 жылы забойлар желісі көбейіп, жер астында екінші Қарағанды пайда болды. Мұнайлы аудандарға көмек көрсетілді. Атырау мұнай өңдеу заводуын, Каспий-Орск мұнай құбырын салу үшін қуатты құрылыс ұжымы ұйымдастырылды. Соғыс кезеңінде ауыл шаруашылығындағы жағдай төмендеді. Ауылшаруашылық еңбек-

керлерінің саны 1939 жылмен салыстырғанда 1942 жылы 600 мыңға кеміді. Колхоз өндірісінде әйелдер еңбегінің үлесі артып, 1940 жылғы 48%-дың орнына 1942 жылы 75% -ға жетті. 76 мың механизаторлардың 55 мыңнан астамы әйелдер болды. Бүкілодақтық социалистік жарысқа 10 мыңнан астам тракторшы қыз-келіншек қатысты. 1942 жылы егіс көлемі 1941 жылмен салыстырғанда 842 мың гектарға көбейді. 1943 жылы 775 мың га жаңа жер алқаптары егістікке арналды.

Сөйтіп, республика экономикасын соғыс жағдайына көшіру жүзеге асырылды. Соғыстың алғашқы күндерінен Қазақстан майдан арсеналына айналып, майдан мен тылды қару-жарақпен, оқ-дәрімен, азық-түлікпен қамтамасыз етуші аймақ болды.

Соғыс жылдарында тылда еңбек еткен жұмысшылар ерлігі аңызға айналды. Георгий Хайдин мыңдықшылар қозғалысының жетекшілері А. Семиволос мен И. Янкиннің әдісін қолданған республикадағы үздік бұрғылаушы болды. Соғыс жылдарында Ы. Жақаев, Ш. Берсиев, Б. Самжүрекова, Ким Ман Сам, В. П. Кривич, И. Я. Кудлай есімдері бүкіл елге әйгілі болды. Қазақстандық жауынгерлер Украинаны, Белоруссияны, Балтық бойын, Молдовияны азат етуге қатысты. Мыңдаған қазақ жігіттері Кеңес әскерінің құрамында Шығыс Еуропа халықтарын Гитлердің тепкісінен азат етуіне ат салысты.

Кеңестік Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Ленин орденімен және Алтын жұлдыз медалімен марапатталғандар — шығыстың қос шынары: пүлеметші Мәншүк Маметова мен 54-атқыштар бригадасының Мергені (снайпер) Әлия Молдағұлова болды.

Кеңес Одағының батыры, Қазақстан республикасының қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов те Берлин үшін ұрыстарға өз жауынгерлерін бастап кірді. Берлинге шабуыл жасауға жерлестеріміз Есжанов, И.Я.Сянов, Х.Қайдауов, З. Тұрарбеков, Х. Көбеков, Т. Бигелдинов, А.Еремеев, Н.Шелихов және т.б. көптеген адамдар қатысты. Жас офицер Р.Қанқарбаев өзінің досы Г.Булатов пен бірге рейстаг терезелерінің біріне алғашқыларының бірі болып алқызыл Жеңіс туын желбіретті, ал Орал өңірінің жас офицерлері Қ.Меденов пен Р.Қараманов Берлин ратушасының төбесіне тікті.

Қазақстандықтар партизандық қозғалысқа белсене қатысты. Толық емес мәліметтерге қарағанда Украинаның партизандық құрамалары мен отрядтарында 1500, Ленинград облысында 220-дан астам қазақ жігіттері соғысқан. Белоруссияның әр түрлі аудандарында әрекет еткен 65 партизандық бригадалар мен шоғырларда 1500-ден аса қазақстандықтар болған. Партизан қозғалысына қатысқан дақты қазақ жігіттері: ф.Ахмедьяров, ф.Омаров, В.Шарудов, Қ.Қайсенов, Ә.Шәріпов, Ә.Жангелдин, Ж.Саин, Н.Көшекпаев т.б. есімдері бүгінде зор құрметке ие болды.-1945 жылы 2 мамырда Берлин қаласы алынды.-1945 жылғы 8 мамыр-фашистік Германияның тізе бүккендігі туралы шартқа қол қойылды.

-1945 жылғы 9 мамыр-Қызыл Армия жеңіске жетіп, Ұлы Отан соғыс аяқталды.

Жапонияға қарсы шайқастарға Ақтөбеде құрылған 74-жеке теңіз атқыштар бригадасының негізінде ұйымдастырылған 292-атқыштар дивизияның жауынгерлері Кеңес Қарулы Күштері дәстүрінің даңқын шығарды. Забайкалье сонан соң 1-Қиыр Шығыс майдандары әскерлерінің құрамында қазақстандық 129-миномет полкі шайқас жүргізді. Қазақстан минометшілері батылдық және ерлік көрсеткені үшін 2027-жауынгерлік ордендер мен медальдарға, соның ішінде 14 адам «Кореяны азат еткені үшін», 234 адам «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарына ие болды.Қызыл Армияның Қиыр Шығыстағы соғысы 24 күнге созылды.1945 жылғы 2 қыркүйекте Жапония жеңілгендігі туралы шартқа қол қойды. Сөйтіп, екінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алғандар:1.Барлығы — 11600 адам; 2.Қазақстандықтар — 497, оның ішінде қазақтар — 97; 3.Қазақ қыздары — 2. Екі мәртебе Кеңес Одағының Батыры атағын алғандар: Талғат Бигелдинов, Леонид Беда, Иван Павлов, Сергей Луганский.

Үш мәртебе Кеңес Одағының Батыры атағын алған: И.Н.Кожедуб- Шымкентте орналасқан Чугуев әскери авиация училищесінің түлегі.

Солдат ерлігі орденінің толық иегері — 142 қазақстандық. Кеңес Одағының орден, медальдарымен марапатталған қазақстандықтар — 96638.

Жалпы екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіс Кеңес Одағына қымбатқа түсті.

Елдің 27 млн астам адамдары соғыста қаза болды. Оның 603 мыңы (400 мың) қазақстандықтар.Өткен азапты жолдың ауыр сабақтарын халық ешқашан да ұмытпайды. Оның ауыр сабақтарын біздің санамызға ұялап, қазіргі ұрпақтарды ерлікке, қырағылыққа баулып, жарқын болашағымызды қорғауға әрдайым дайын тұруға шақырады.

<https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8987/> © e-history.kz

МЕНИҢ АТАМ БАТЫР БОЛҒАН

Ұлы Отан соғысы басталған маусым айының 22 жұлдызы тарихта ұмытылмас қаралы күн. Қаншама халықты қырған, 1 418 күнге созылған сұрапыл соғысқа Кеңес Одағы құрамындағы республикалардың азаматтарымен қатар, қазақстандықтар да қатысты. Соңғы деректер бойынша Қазақстаннан майданға аттанған 1 млн 200 мың жауынгердің 600 мыңы соғыстан қайтып оралмады. Жалпы, бұрынғы Кеңес Одағының 27 миллионға жуық адамын жалмаған қанды қырғынға елімізден аттанғандардың ішінен 500-ден астам жауынгер 1934 жылы бекітілген ең жоғарғы Кеңес Одағының Батыры атанған болатын, оның 100-ден астамы - қазақтар.

Бұл – аға буын ардагерлеріміздің жанқияр ерлігі мен еселі еңбегінің жемісі. Уақыт өткен сайын сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары алыстап барады. Бүгінде сол ардагерлеріміздің де қатары азайып бара жатыр. Батыр бабаларымыздың қатары азайғанымен олардың ерен ерліктері ешқашан ұмытылмайды!

Менің ұлы атам, Бөрелі ауылының тумасы (Ынтылы, қазіргі кезде Чермошнянка ауылы), Ақкөзов Кәрімжан Бимағамбетұлы, сол сұрапыл соғысқа қатысқандардың бірі еді. Ол жеңісті де, кейінгі бейбіт өмірді де көріп, соғыстан кейін күйреген шаруашылықты қалпына келтіруге тер төгіпті. Атам 1939 жылы Қызыл Әскер қатарына шақырылып, 1939-1940 жылдары кеңес-фин соғысына қатысқан.

1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысының майдандарында соғысты. Әрқашан соғыс әскерінің алдыңғы қатарында болған. Ол кезде атам сияқты қатардағы жауынгерлерді «соғыс жыртқыштары» деп атаған, олар соғыстың ең қаупті аймақтарында ерлік көрсеткен. Осының салдарынан екі соғыс кезінде он төрт рет жарақат алған, ауыр жарақаттардан аман қалған атам сол соғысқа өзінің жеті жылын арнаған. Омырауы орден мен медальдарға толып еліне оралған.

Ол кезде мерейтойлық медальдар болмаған, ол орден-медальдардың бәрі өзінің нақты ерліктері үшін берілген. Сол марапаттардың ішінде бір орденді Украинада ұрыстан шегініп келе жатқан майдандастарына қорған болғаны үшін алғанын білемін. Атам аға сержант атағын алған, алдымен бөлім командирі, кейін пулемет взводының командирі қызметін атқарды. Лайықты өмір сүріп атам 1977 жылы дүниеден өтіп, өзінің туған жері Ынтылы ауылына жерленді.



Атамның ерлікке толы өмірін біз, немерелері, әрқашан мақтанышпен есімізде сақтайтын боламыз. Ата-бабаларымыз сақтап, бізге мұра қылып қалдырған елімізді өркендету, қорғау біздің міндетіміз. Біз жер бетінде енді ешқашан соғыс болмасын деп деп тілейміз. Әр ұрпақ өз дәуірінде өз соқпағын іздейді. Ендеше қазіргі ұрпақтың алдындағы үлкен мақсат – сол соғыс кезіндегі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігін үлгі ете отырып, тәуелсіз еліміздің, ұлан байтақ жеріміздің болашағы үшін күресу. Елін жаудан қорғап, жазықсыз жапа шеккен аталарымызды ешқашан ұмытпаймыз, олардың ерен ерліктері бізге үлгі. Мен атамның ерлік істері мен өмірі жайлы Бауыржан нағашы атамның газетке жазған мақалаларынан, сақталған қолжазбалардан, сақталған наградаларынан ғана білемін. Ұлы атамды «Батыр атам» деп мақтанышпен айтамын.

ТЕМІРБЕК Әмір, шөбересі.

МЕН БҮГІН ӘКЕМДІ АЙТЫП ТОЛҒАНАМЫН

Менің балалық балдәуірім өткен, жүрегіме ыстық туған жерім «Бірлік» ауылы. Ауыл іргесінен сылдырап ағып өтер «Шағалалы» өзенінің бойы қайнаған өмір болатын. Балалық шақтың әр сәті тұнып тұрған естелік. Ауылдың шаңын көкке көтеріп өзен мен үй аралығында ертеле-кеш жүгіреміз де жүреміз. Ештеңеден бет қайтпайтын алаңсыз бақытты дәурен. Әкем құс атып, балық аулауды жаны сүйетін. Өзі орыс тіліне өте жетік болған соң ба, аудан, көрші ауылдардың орыстарымен етене араласатын. Әңгімені жіберіп

рып отыратын. Көрші ауылдың Таран, Деревянко, Ларионов тағы басқа орыстары кәдімгі туысқандай болып еркін келе беретін еді. Анамның ешқашан қабақ шытып, айқайға басып, жатқанын көрмей өстік. Өте қонақжай, қазақи салт-дәстүрді берік ұстанған ата-анамның тәрбиесі бізге өмірлік азық болды. Уақыт деген зырлап, біздер де өмірдің тарам жолдарымен әрқайсымыз өз бағытымызды тауып өмірге бейімделе бастадық. Уақыт жүйрік... Қай қиырда жүрсе де адам жүрегіне жақын деген жандарды іздеп, сағыныштың



мәз-мәйрам болып отыратын. Сөйтіп жүргенде біздің үйде еңгезердей сары орыс пайда болды. Анамызға бұл кім десе дедушка дейді. Дедушкамыз «дедішке» боп шыға келді. Пәлен деп үн қата алмаймыз, орысшаға нөлміз. Аты солай екен деп қабылдаған бала көңіл-ай десеңші! Атамыз қонаға келіп жатады. Алғашында қорқып, тосырқап жүрдік. Есіктесіктен сығалаймыз, ол кісі де бізге күлкілі қимылдар жасап, сөйтіп атамызға бойымыз үйреніп те кетті. Бұл атай да құс атып, балық аулайды екен. Көршілер де «е, Әбшәреңке – тамыр кеп қалдың ба?» – деп, атамыз бас шұлғып өзара түсінісетін. Қаладан келгенде қияр, сәбіз, қызанақ тәттіден әкелген сайын атамыз жүрегімізге жол тауып тіптен жақын боп кетті. Келмей кетсе кәдімгідей сағынамыз, келсе шулап қарсы алып, тізесіне отыруға таласатынбыз. Сол еңгезердей сары орыс – Красноармейск қаласының тұрғыны Овчаренко Игнат атамыз еді. Жылдар жылжып, біз есейіп арман құып ауылдан кеттік. Жол түсіп ауылға келгенде дедушкамыздың амандығын біліп жүрдік. Бірде анам мені әдейі ертіп атайдың үйіне апарды. Шексіз қуанышқа бөленіп, керемет көңіл күйде болған еді... Бұл менің дедушкамды соғы көруім екен. Арада біраз жыл өтті. Алматыда жүрген кезім. Қызыққа тола студенттік шақ. Бірде құрбым маған бір хатты ұсынып, Овчаренко кім? – деп тұр. Өзім таңқалысымды жасыра алмадым. Атай маған хат жазар деп кім ойлаған? Сөйтсем ауылға барғанда әкемнен мекенжайымды біліп хабарласқан. Сол аралықта дедушкамыз Жамбыл облысының Георгиевка деген жеріне қоныс аударыпты. Мені ауылына шақырып, сағынышқа тола хатын жолдапты. Әкемнен хабарластым, Алматыдан алыс емес, міндетті түрде бар деген еді. Сол бір қарбалас шақтардың думанымен жүріп ақыры жол түспеді. Орыс болса да бізге деген көңілі сондай таза болды. Өзге ұлт деп біздер де өзекке тепкен жоқпыз. Сол замандағы адамдардың сыйластығына қайран қалам. Аста – төк заман да емес, ата-анамның асқа ниеті тарылған күнін де көрмеппін. Төрімізден қонақ кетпеді, барға қанағат жоққа сабыр деумен кішкентай ғана ауыз үй, төр үйде қаншама дастархан жайылып, көңіл бөлінді. Бұл әңгімені жазбас па едім, түсімде дедушкам есік алдында отыр екен деймін. Сол баяғы бейнесі, қуанып, құшақта-сып, бірдеңелерді айтып жатырмыз. Үйге кірмеді, маған көк ормал ұсынып ғайып болды. Өзім ағыл-тегіл жылап жатып оянып кеттім. Ояна келе бұл түсті жақсылыққа жорыдым. Көк ормал бергені өсіп-өніп көктесін дегені-ау дедім. Атай өткен өмірде де бізге тілекші болған екен-ау деп ой туйдым. Басқа жанға еңгезердей сары орыс болса да менің естелігімде «Дедушкам» болып қала береді. Әкем – Қожахметов Өмірбай мен Овчаренко Игнат атайдың достығы менің балалық жүрегімде мәңгі сақталып қалды. «Жақсы жанның аты өлмейді.» Өмір деген кездесулер мен қоштасулардан тұратындай, кей сәттер өткеннің әдемі суреттері көз алдынан сырғып өтеді. Осы атаймен өткен естеліктердің өзі жазсаң сан топтама болар еді. Біздің үйдің босағасынан ба, ата-атамның жүрегінің кеңдігі ме екен, әйтеуір есігіміз жабылмайтын Маңайдың үлкендері әкеме «Төре жігіт» деп ақылдаса келіп, ал, жастары «ағатайлап» әңгіме-дүкен құ-

қамытын киеді екен. Атай да дәл солай бізді іздеп, бір көруді армандағанын біздер жастар сол сәттерде түсінбеппіз-ау... Менің ағам Болат Қожахметов Қырғыз елінің «Рыбачье» деген жерінде әскери міндетін өтеді. Бірде Сізді іздеп атаңыз келіп тұр деп ағамды «КПП»-ға шақырған екен. Ол бұл жақта менің туысқаным жоқ десе «внук» деп тұр ғой дегенде, ағайым да қайран қалыпты. Сөйтіп астына түссе баяғы «дедушкамызды» көріп, ағам да қуанышқа бөленеді. Атай немересін сұрап алып екеуі қала аралап «Бірлік» ауылын, өзінің есінде қалған көзкөргендерін, жалықпай сағынышпен еске алып, жадында қалған ұмытылмас естеліктермен сыр бөліскен. Кешкілік атай қайтар сәтінде ағамды тұрғылықты жеріне қонаққа шақырып аттанады. Әскер қатарында болғандықтан тәртіп қатал. Кейін ағам да бір күндік демалыс алып атайдың ауылы «Георгиевкаға» жол тартады. Дедушкамыз құшақ жайып қарсы алып, қонақ қылады. Кәдімгі бір жаймашуақ көңіл, жайлы орта, туысқандарымен қауышып келгендей күй кешкен екен ағам. Елден жырақ жүрген адамды бұндай ілтипат қуантып, ертеңіне үміт силары айқын. Атайдың елге, ата-анама деген сағынышты сәлемін арқалап ағам әскери бөлімшеге қайтады. Бұл ата мен немеренің соғы кездесуі болды. Қайран өткен күндер-ай!... «Соншалық көңілі қалап іздейтін атайға Сіздер кімсіздер?» – деген ой әркімнің көңілінде тұрады хақ. Ол атайдың ата-анама деген шынайы достығының, сол кездегі қоршаған ортаға деген құрметі, ризашылығы деп сезінер едім. Бала болсақ та «дедушка» деп қабылдап жүрегіне балалық махаббатымызбен мейірімділік силаған бізге деген ризашылығы еді. Ұлтқа бөлінбей, сол заманда бір-бірімізге деген жылылықтан туып, жылдар бойы жалғасқан әдемі сағынышты кездесулер. Адам жаны өмірде жақсылықты қалайды. Сол «түс» арқылы атайды еске алып, өткен күндерге қайта оралғандай күй кештім. Өзімнің қиялымдағы қимастық сезімнен туған естелігім, Игнат атайға деген құрметім, естелік әңгімем өшпес шырағым дер едім. Тіршілікте сыйластыққа не жетсін! Әкемнің «Елім» деген ер азамат болғанын, ұлттар достығын жоғары бағалай білгенін, Әкем – Өмірбай Тойғұлұлының достық сезімді өте жоғары бағалай білгенін, Ұлы Отан соғысының ардагері болғанын мақтанышпен айтып, кейінгі ұрпаққа үлгі етемін. Анам екеуі де пейілі кең, жүрегі мейірімді жандар болғанын айта бергім келеді. Әскери суреттеріне ұзақ қарап отырып, Ұлы Отан соғысына қатысып, жастық шағының қимас сәттерін оқ пен оттың арасында жүріп, басына түскен сол бір қасіретті жылдардың ауырлығына мойымаған, Отан үшін шайқасып, бізге бейбіт күн сыйлаған ардагерлеріме, әкетайыма аса зор ризашылық көңілмен бас иемін! Ұлы Отан соғысына қатынасып, жаумен қасық қаны қалғанша шайқасқан ер азаматтарымыздың, әке-аға, бауырларымыздың есімін жадымызда мәңгі сақтайық! Алапат соғыс енді болмасын!

АЯН ӨМІРБАЙҚЫЗЫ,
Бірлік ауылының тумасы.

* Жемқорлыққа жол жоқ!

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

2016 жылдан бастап бұрын таратылған тәртіптік кеңестердің орнына Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің алқалы органы өз қызметін жүзеге асыруда.

-Бүгінгі таңда Әдеп жөніндегі кеңестердің міндеті бұзушылықтардың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік теріс қылықтарын қарау болып табылады.

Кеңеске мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзушылықтардың профилактикасы бойынша мемлекеттік органдар жұмысының қорытындыларын, мемлекеттік органдардың, тәртіптік комиссиялардың жұмысында анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындыларын, сондай-ақ Әдеп жөніндегі уәкілдер қызметінің нәтижелерін қарау құқығы берілген.

Солтүстік Қазақстан облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің хатшылығы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасы болып табылады. Әдеп жөніндегі кеңестің құрамын Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы мен мүшелері құрайды. Мәслихат депутаттары, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, мемлекеттік органдардың басшылары және өзге де адамдар Әдеп жөніндегі кеңестің мүшелері бола алады. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы және 7 адамнан кем болмауы тиіс. Оның құрамының тізімі Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің ресми сайтында орналастырылған. Әдеп жөніндегі кеңес қызметтік әдеп нормаларын бұзған, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол берген қала әкімдеріне, облыстық маңызы бар қала, облыс аудандары және қалалардағы аудандар әкімдеріне, мемлекеттік органдардың басшылары мен орынбасарларына, сондай-ақ дербес лауазымдағы Әдеп жөніндегі уәкілдерге қатысты тәртіптік істерді қарайды.

Өткен кезеңде Әдеп жөніндегі кеңеспен 7 тәртіптік іс қаралды.

7 бойынша жаза қолдану ұсынылды, оның ішінде - 5 беделін түсіретін теріс қылықтар үшін, - 2 қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілер жіберетін бұзушылықтардың сипаты негізінен - жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтамау.

Қоғамға қарсы, қоғамдық моральға қол сұғумен байланысты әрекеттерге ерекше назар аударылады. Мысалы, алкогольдік сусындар ішу немесе қоғамдық орындарға мас күйінде келу.

Ағымдағы жылдың басынан бері қоғамға жат сипаттағы теріс қылық жасаған 1 мемлекеттік қызметші Әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымы бойынша атқаратын лауазымынан босатылды.

Әдеп жөніндегі кеңес тәртіптік істерден басқа профилактикалық мәселелерді де қарайды. Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу шеңберінде Мамлют ауданының әкімі және СҚО әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасының басшысы тыңдалды.

Сондай-ақ тәртіптік практиканы талдау қорытындылары негізінде тәртіптік комиссиялар қызметінің нәтижелері бойынша 3 мәселе қаралды, бұған қоса облыс, Тайынша және Тимирязев аудандары әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілдерінің қызметі туралы есептер тыңдалды.

Әдеп жөніндегі кеңес мүшелерімен мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Әдеп кодексі туралы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Бекітілген кестеге сәйкес азаматтарды жеке қабылдау жүргізіледі.

Өздеріңіз білетіндей, Әдеп жөніндегі уәкіл-қызметтік әдептің сақталуын және Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың бұзылуының алдын алуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші. Облыс әкімінің аппаратында Әдеп жөніндегі уәкілдің дербес лауазымы енгізілді. Өздеріне міндеттер жүктелген Әдеп жөніндегі уәкілдердің жалпы санының 10-ы аудандар әкімдерінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарлары және 4 аудан әкімдері аппараттарының басшылары лауазымдарын атқарады. Департамент бастамашылықпен әзірледі және тоқсан сайынғы негізде қызметін бағалауды (рейтинг) жүргізеді, оның қорытындысы бойынша Әдеп жөніндегі уәкілдердің жұмысы талданады. Рейтингі жүргізу Әдеп жөніндегі уәкілдердің арасында белгілі бір уәждеме, жарыспалылық береді және олардың қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Әдеп жөніндегі уәкілдер мемлекеттік қызметшілердің қайта өңделуін болдырмау мәселелеріне жәрдемдеседі, ұжымдардағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйіне, сондай-ақ қызметтік автокөлікті қызметтен тыс мақсаттарда пайдалануға мониторинг жүргізеді.

Мен өзім Әдеп жөніндегі Уәкіл болып табылатынымды атап өткім келеді, ағымдағы жылдың 22 ақпанында Әдеп кодексінің жаңа редакциясы бекітілді, ол қызметтік әдеп стандарттарын белгілейді және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін негіз болады.

Кодекс сондай-ақ Агенттік пен оның аумақтық органдарын, қызметтік әдепті бұзудың профилактикасы бойынша үйлестіруді жүзеге асыратын органдарды айқындайды.

Жанат ЖҰМАБАЕВ, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшының орынбасары, Әдеп жөніндегі кеңес хатшылығының меңгерушісі.

ҰЛТТЫҚ БАНК АЛАЯҚТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӨРЕКЕТКЕ КӨШКЕНІН ЕСКЕРТЕДІ

Қазақстан Ұлттық Банкі (ҚҰБ) өздерін инвестициялық компания ретінде көрсетіп жүрген алаяқ топтардың белсенді әрекетке көшкенін хабарлайды.

Қаскөйлер мобильді қосымшалар, сайттар мен жарнама-лық роликтер жасауға бейімделіп алған. Олардың мазмұны жеке тұлғалардың қаражатын басқаруға тарту секілді бағдарламаларды сипаттайды және оны екінші деңгейлі банктермен, ҚҰБ-пен немесе басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп әзірленген деп көрсетеді. Мұндай жарнама-лар – **фейк**.

Анықталған алаяқтық пиғылдағы ресурстар мен телефон қосымшалары Қазақстанның «мемлекеттік қорынан», «Ұлттық ресурстардан» немесе қаржы нарығын динамикалық болжаудан тез пайда табуды ұсынады, алайда, мұндай мүмкіндіктер тек төлем жасаған қолданушыға ғана беріледі. Сондай сайттарға өтініш қалдырған интернет-қолданушылар ақшасынан айырылатындай тәуекелге барады: алаяқтар алдымен оның жеке деректерін қолға түсіреді, сөйтіп телефон арқылы хабарласып, ақшаны өз реквизиттеріне аудартып алуға әрекет етеді. Әрі қарай, ақша аударылғаннан кейін оны кері қайтару процедурасы ұзақ та күрделі болуы мүмкін. Сөйте тұра салынған қаражатты кері қайтару үшін қосымша ақша салуға қолданушыны тағы мәжбүрлеуі ықтимал.

Алаяқтарды қалай анықтауға болады:

- ондай сайттар аз уақыт ішінде инвестициядан жоғары әрі тұрақты пайда табуға кепілдік береді;
- қандай да бір байланыс дерегі жоқ;
- ресми мемлекеттік тұлғалардың, мемлекеттік органдар мен ұлттық компания басшыларының фотосуреттері

* * * * *

* Көпшілік Назарына!

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ ХАБАРЛАЙДЫ!

Солтүстік Қазақстан облысында 60-қа жуық өзен, 2 мыңнан астам көл (2148) және жүз қазаншұңқыр (117) бар, бұл ретте ең қауіпті акваториялар Есіл өзені, Пестрое, Соленое, Лебяжье, Үлкен Торанғұл, Шалқар и Имантау көлдері болып табылады. Айта кету керек, соңғы 9 жылда суда ресми демалыс орындары болып табылатын облыстың су айдындарында адамдардың қаза болуы тіркелген жоқ (соңғы 9 жылда облыс бойынша 211 адам суға кетті, оның 33-і балалар).

Облыс әкімдігінің 2019 жылғы 17 сәуірдегі № 97 Қаулысымен 12 көл мен Есіл өзенінде орналасқан су айдындарында 58 бұқаралық демалыс орны анықталды. Бұдан басқа, 2016 жылғы 20 маусымдағы № 3/7 бекітілген Солтүстік Қазақстан облысының ортақ су пайдалану қағидаларында «ЖАО орнатпаған демалыс орындары СҚО су объектілерінде шомылуға, шағын көлемді кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзуге тыйым салынған болып белгіленсін» деп көрсетілген. Осылайша, Солтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті біздің жерлестерімізге жүгінеді:

- бұл үшін қатаң бөлінген орындарда шомылыңыз;
- балаларды су қоймасына ересектердің қарауынсыз жібермеңіз;
- алкогольдік және есірткілік мас күйінде шомылмаңыз;
- жүзудің шекарасын белгілейтін буйкадан жүзбеңіз;
- су қоймаларын ластамаңыз;
- жалған дабылды айқайламаңыз.

Жоғарыда аталған барлық ережелерді орындау Сіздің және жақындарыңыздың өмірі мен денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді!

Жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтық актілермен СҚО ТЖД ресми сайтында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Әділет» Нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде танысуға болады.

СҚО бойынша ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасы.

мен ойдан құрастырылған мәлімдемелері келтіріледі; жалған лицензиялар немесе құқық белгілейтін құжаттар пайдаланады;

- мемлекеттік органдардың, екінші деңгейлі банктердің немесе ұлттық компаниялардың логотиптері мен атаулары шын болуы мүмкін. Алайда, ол заңды тұлғалардың, оның ішінде Ұлттық Банктің мұндай алаяқтардың платформасына қатысы жоқ.

Ұлттық Банк жеке тұлғалардың шоттарына қызмет көрсетпейтінін, ақшалай есеп айырысулар мен мәмілелер жасамайтынын, мемлекеттік қорларда табыс табу үшін қандай да бір платформалар әзірлеуге қатыспайтынын еске саламыз. Іс жүзінде активтерді инвестициялық басқаруға лицензиясы бар ұйымдардың тізімі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми сайтында жарияланған <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/financial-organizations/50?lang=kk>.

Егер сіз немесе сіздің таныстарыңыз осындай сайттарға, мобильді қосымшаларға тап болса немесе телефон-алаяқтарының құрбаны болса – алаяқтық фактісі бойынша құқық қорғау органдарына арызбен жүгінуіңіз қажет.

Ұлттық Банктің жеке тұлғалардың ақшасын тартпайтынын және халық үшін «инвестициялық бағдарламалардың» әзірлеушісі болып табылмайтынын анықтап алу үшін ҚҰБ-тың ресми байланыс орталығына 1477 қайса нөмірі арқылы (ұялы телефоннан тегін) хабарласыңыз.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы алады: +7 (7172) 77-52-10e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz

2022 ЖЫЛҒЫ ШІЛДЕДЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ХАТШЫСЫМЕН, ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ДЕПУТАТТАРЫМЕН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов — облыстық мәслихаттың депутаты, «Племзавод Алабота» ЖШС-нің басшысы	13 шілде
2	Данияр Келденбекұлы Жақыпов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Данияр-Бидай» ЖШС-нің менеджері	1 шілде
3	Бауыржан Маратұлы Мергасимов — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дарига» ЖК басшысы	4 шілде
4	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова — аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	7 шілде
5	Николай Николаевич Трифонов — аудандық мәслихаттың депутаты, «ТайыншаКоммунСервис» ЖШС-нің директоры	11 шілде
6	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының хатшысы	12 шілде
7	Руслан Елшібайұлы Егінбаев — аудандық мәслихаттың депутаты, «Престиж Агро» ЖШС-нің директоры	15 шілде
8	Батес Латиф — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша КБАА» ШЖҚ-дағы КМК-ның бас дәрігерінің орынбасары	18 шілде
9	Айгүл Ботақызы Мұхаметғалиева — аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша қаласының № 4 орта мектебі» КММ-нің директоры	20 шілде
10	Диана Еслямбекқызы Ысқақова — аудандық мәслихаттың депутаты, «№ 1 Чкалов орта мектебі» КММ-нің педагог-психологы	22 шілде
11	Александр Владимирович Кершис — аудандық мәслихаттың депутаты, ДЭУ-65 бастығы	25 шілде
12	Гүлнұр Өмірбайқызы Батаева — аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданының білім бөлімінің әдіскері	27 шілде
13	Виктор Иванович Рудницкий — аудандық мәслихаттың депутаты, «Дашка-Николаевка СК» ЖШС-нің директоры	29 шілде

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау орны: Тайынша қаласы, Центральный бұрылысы, 3 «А», «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.

Мына телефондар арқылы қабылдауға алдынала жазылуға болады: аудандық мәслихат — 23072, «АМАНАТ» партиясының аудандық филиалы — 22047.

ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНА



ҚҰРМЕТТІ ӘРІШТЕСТЕР! ҚАДІРЛІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ!

Полиция - мемлекеттік биліктің қоғамда құқық тәртібін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды құрылымдарының бірі. Сақшылардың кәсіби қызметі зор жауапкершілігімен, тәуекелге бел буумен ерекше құнды. Қазақстан дербес мемлекет болып, тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап оның тыныштығын қорғауға берік ден қойылып келеді. Осынау қырағы мамандықты таңдаған жастар да елінің алдындағы борышын сезінетіні сөзсіз.

Заң бекітілген күн, яғни 23 маусым жылда Қазақстан полициясы күні ретінде аталып өтіледі. Ризашылық пен құрметтің нышаны ретінде Қазақстан Полициясы күнімен барлық әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймын! Өз қызметтік міндетін атқаруға адалдық танытып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ететін, халық арасында сақтық жұмысын жүргізетін, азаматтардың тыныштығын, заңдылық пен құқық тәртібін қорғайтын білікті мамандарымыздың қатары көбейе берсін.

Еліміздің қорғандары – полиция қызметкерлерінің еңбектеріне табыс, қызметтеріне сәттілік пен абырой тілеймін..

Халқымыздың амандығын сақтау мен Отанымыздың өркендеуіне қосып жатқан үлестеріңіз аз емес, еңбектеріңіз әрқашан жемісті де табысты болғай! Қоғамдық тәртіпті қалыптастыру, ел тыныштығын қорғау жолындағы қажырлы еңбектеріңізге сәттілік тілейміз. Әрдайым анттарыңызға адал болып, ел қорғаны деген атаққа абыройлы қызмет ете беріңіздер! Еліміз тыныш, халқымыз аман, бауырымыз бүтін, бірлігіміз бекем, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Нұрлыжан Ахтанов,

Тайынша ауданының полиция бөлімі бастығы.

* * * * *

УВАЖАЕМЫЕ ВЕТЕРАНЫ И СОТРУДНИКИ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ!!!

Президиум Тайыншинского районного совета ветеранов от души поздравляет Вас с Днём полиции в Казахстане.

Желаем здоровья, терпения, выдержки, сил, стремительного роста в полицейской деятельности, уважения народа, поддержки коллег и понимания близких людей. Пусть служба исключает промахи и ранения, пусть впереди Вас ждёт много достойных наград и успехов, никогда не терять силы воли, всегда иметь активную жизненную позицию, постоянно двигаться вперёд, показывая истинный пример мужества, уверенности, упорства и чести новому поколению..

Пусть в вашей жизни будет как можно больше светлых и радостных дней, дорогих и близких вам людей, долголетия, счастья и оставаться в строю, как можно дольше!

НИНА ПОПОВА,

Председатель районного совета ветеранов.

ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНА - 30 ЖЫЛ

2022 жыл Қазақстан Республикасында мерейтойлық күндерге толы. Тәуелсіздік алғаннан кейін қайта құрылған көптеген мемлекеттік құрылымдарға 30 жыл толады. Жыл сайын қазақстандықтар 23 маусым күні 1992 жылы «Ішкі істер органдары туралы» Заңын қабылдағаннан кейін бекітілген Қазақстан полициясы күнін атап өтеді.



Осы уақыт ішінде ведомство көптеген өзгерістерді басынан өткізді, әсіресе қылмыс деңгейін төмендетуге және қоғамдық тәртіпті сақтауға бағытталған өзгерістерді атап өткен жөн. Жаңарту аясында тәртіп сақшыларының еңбекақысы өсті, әлеуметтік пакет жақсарды, қызметке қабылдау және жоғарғы оқу орындарында кадр даярлау шарттары мен жұмыс тәртібі өзгертілді. ІІМ мәліметтері бойынша соңғы үш жылда полицейлер саны 10 пайызға қысқартылды, бұл – 10 мыңнан астам адам. Жол-патрульдік полициясын күзет қызметіне ауыстырды, қызметкерлерді мектептерге, көшелерге, қоғамдық орындарға бағыттады. Еліміздің алты облысында туристік полиция құрылды. ІІМ 106 артық басқару жасақтары мен 1483 басшылық лауазымдардан бас тартты. Жалпы аумағы 13 мың шаршы метр ғимарат босатылды, 630 автомобиль қайтарылды. Ведомство мәліметтері бойынша бұл 16 млрд. теңге үнемдеуге мүмкіндік берді. 2021 жылы 100 мың халыққа полицейлер саны 369 адамды құрады.

Кәсіби мереке және Қазақстан полициясының 30-жылдығы қарсаңында жеке құрамның күнделікті жұмысы туралы полиция бөлімінің бастығы Нұрлыжан Ақтанов айтып берді.

– Ағымдағы жылдың бес айының қорытындысы бойынша біздің бөлім өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда ауданда қылмыстың төмендеуіне қол жеткізді, - деп бастады сөзін Нұрлыжан Жақсылықұлы, - мысалға, егер өткен жылғы бес айдың қорытындысы бойынша 102 қылмыс тіркелсе, ағымдағы жылы 70, соның ішінде ауыр қылмыс өткен жылғы 25-тен 22-ге түскен. Құқық бұзушылықтың негізгі үлесіне ұрлық пен алаяқтық жатады. Алайда қылмыстың бұл түрі де төмендеген, әсіресе интернет алаяқтығы. Есепті кезеңде адам өлтіру, зорлау, қарақшылық, автокөлік мініп кету, тонау, бопсалаушылық тіркелген емес. Бұл көрсеткіштер кездейсоқ емес, полиция қызметкерлері тұрақты түрде тұрғындармен алдын алу жұмыстарын жүргізіп тұрады. Түсіндіру жұмыстарына полиция бөлімінің бастықтан бастап қатардағы инспекторға дейін әрбір полиция қызметкері жұмылдырылған, парақшалар таратылады, білім және денсаулық мекемелерінде, ұйымдар мен кәсіпорындарда кездесулер өткізеді. Әсіресе учаскелік полиция инспекторлары түсіндіру жұмыстары бойынша ауқымды жұмыс атқарады, әлеуметтік топтарда алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

– Құқық қорғау органдарының қызмет көрсету үлгісіне ауысуы қоғам мен полиция қызметкерлері арасындағы алшақтықты қысқарта түсті. Цифрландырудың арқасында полиция жұмысы ашық болып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасы артты, жемқорлық тәуекелдері төмендеді, - деп әңгімесін жалғастырды Н.Ақтанов, - «Полиция қадамдық қолжетімділікте» түсінігі жыл сайын қызметкерлер мен тұрғындардың санасында мықтап бекітіліп келеді. Нәтиже ретінде – қылмыстың төмендеуінің жағымды динамикасы. Азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау жүргізледі, ПБ ғимаратында қоғамдық қабылдау жұмыс жасайды.

Полиция жұмысында гаджеттердің рөлі зор, құқық бұзушылық хаттамалары планшеттерде жүргізіледі, қызметкерлер сондай-ақ видео жетондармен қамтамасыздандырылған, тұрақты негізде компьютерлік техникаға апгрейд жүргізіледі, қаланың және аудан ауылдарының адам көп жиналатын жерлерінде бейне камералары орнатылуда. Жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен «Жеңіс» саябағы ауданында модульдік полиция пунктін орнатылды, бөлім автопаркі он жаңа автотехника бірліктерімен толықтырылды.

Құқық қорғау жүйесін жаңарту полицияда қызмет етуді жастар үшін тартымды ете түседі. Мемлекет қолдауы – жастарға еңбек жолын бастауда көп көмегін тигізеді, полиция қызметкерлері қатарына қосылуға қыз балалар да ықылас білдіруде, балалар әке жолын қуып, полицейлер әулетін жалғастыруда, жас полицейлер отбасылары бар. Басшылық ауданның білім беру мекемелерінде кәсіби бағыт-бағдар береді. Кез келген адам, орта білім алып немесе колледж бітіріп, полиция бөліміне түсіп, әрі қарай жоғары заң білімін ала алады.

Қазақстан полициясы күні – азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығын қорғайтын азаматтар үшін ерекше күн. Бірінші кезекте еңбек жолымен жас полицейлерге үлгі болған полиция қызметінің ардагерлеріне алғысымды білдіргім келеді. Әріптестер, сіздерге денсаулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Әрқашанда жандарыңыздан табылып, қолдау көрсететін отбасыларыңызға ерекше алғыс айтамын. Береке, бақыт, амандық тілеймін, - деп әріптестеріне Н.Ақтанов құттықтауларын жеткізді. Мереке қарсаңында бірқатар азаматтар мерекелік марапаттарға ұсынылыпты. Олар: Бас маман – О.Т.Серғазина, С.А.Медведев, А.С.Құдабаева, полиция майоры – Д.Н.Мүкешев, полиция майоры, учаскелік инспектор – К.С.Мұқажанов, полиция капитаны М.Г.Татубаев, полиция лейтенанты – Д.Н.Шмидт және полицияның аға сержанты А.А.Дворецкий. Сонымен қатар, полиция саласында учаскелік полиция қызметкерлерінің де еңбегі зор. Учаскелік полиция жұмысы – ішкі істер органдары жүйесіндегі ең көпфункционалды қызмет.

Учаскелік полиция инспекторлары азаматтардың құқықтарын қорғау, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық, құқықтық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көші-қон, қоршаған ортаны қорғау, аумақтарды абаттандыру және басқа да мәселелерге қатысады. Жалпы, учаскелік полиция – бұл құқық бұзушылықтың алдын алудың жалпы жүйесіндегі негізгі буын. Тек олар ғана тұрақты негізде халықпен жеке байланыста болады, ал кейбір ауылдарда учаскелік полиция қызметкері – құқық қорғау органдарының жалғыз өкілі. Бұл жерде ол заңдылық пен ауыл тұрғындарының тыныштығының кепілі болып табылады. Сондай учаскелік инспекторлардың бірі-полицияның аға лейтенанты, полицияда



9 жыл еңбек өтілі бар Балғабай Ильяс Тоқтарұлы. Күнделікті жұмысына тиянақты, әсіресе өзі бақылайтын қала орталығының тыныштығын сақтауда қажырлы еңбек атқаруда. Ильяс Тоқтарұлы осы еңбек жолында өзінің тәлімгері полиция капитаны Қ.Т.Шариповты қатты құрметтейді. Тәлімгері әрқашан өз еңбек тәжірибелерімен бөлісіп, қажет болса көмек-кеңес беретінін ерекше атап айтты. Мереке құтты болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

* * * * *

ТӘРТІПТІ САҚТАУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ



Тайынша қаласында стационарлық модульдік полиция пунктін халыққа қызмет көрсетеді. Жаңа стационарлық пункт Садовая к-сі, 2 «А» мекенжайындағы спорт кешенінің аумағында және бұл пунктті №4 орта мектеп, Темір жол және автостанция, жеке меншік үйлер қоршаған. Пунктке 8 бейнебақылау камерасы қосылған, оның көмегімен учаскелік инспекторлар Тайынша қаласының №4 ОМ ғимараты мен үй-жайларын бейнебақылауды жүзеге асырады.

ТӘЖІРИБЕЛІ МАМАН, БІЛІКТІ БАСШЫ



Ішкі саясат бөлімі қызметінің негізгі міндеттеріне келсек, бөлім ауданның жалпы ішкі саясатын, оның ішінде мемлекеттік ақпарат және жастар саясатын, дамыту салаларындағы саясатты, конфессиялар арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастыру мақсатындағы жұмыстарды атқарады. Сонымен қатар, әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, Жастар саясаты жөніндегі кеңестің және басқада құрылатын консультативтік-кеңесші ор-

гандардың жұмыс жоспарларының жобаларын әзірлеу, олардың қызметі туралы есеп берулерді дайындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ шешімдерінің орындалуын бақылау да осы бөлімнің құзырында. Елдегі ахуал және Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясаттағы негізгі бағыттары туралы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауын көпшіліктің қолдауына назар аудара отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында Президенттің жүргізіп отырған ішкі

саясатын түсіндіруді де ұйымдастырады. Қоғамдық бірлестіктермен, саяси партиялармен, қоғамдық-саяси және діни ұйымдармен, кәсіподақтармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, қоғамдардың өкілдерімен өзара тығыз байланыста болу да осы мемлекеттік органның негізгі атқаратын міндетті жұмыстары. Гүлмира Сатыбалдықызы басқарып отырған Тайынша ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі осынау қыруар жұмысты өз деңгейінде атқарып келеді. Г.С.Сабырова – білікті басшы, отбасында аяулы ана. Жалпы мемлекеттік қызметтің қыры мен сырына әбден жетік маманның осы саладағы қызмет өтілі де аз емес. 2001 жылдан өзінің алғашқы еңбек жолын Яснополян орта мектебінде бастаған біздің бүгінгі кейіпкеріміз – Гүлмира Сатыбалдықызы қай еңбек саласында болмасын, әрқашан өзін жақсы жақтарынан көрсете білді. Өзіне тапсырылған жұмысқа асқан жауапкершілікпен қарап, қоғамдық жұмыстарда да еңбек белсенділігін, ұйымдастырушылық қасиеттерін байқата білді. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметте жүрген осындай мекеме басшысының алдағы күндеріне сәттілік тілейміз.

ТАЙЫНШАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Мемлекеттік қызметшілер күнін мерекелеу қарсаңында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаментінің ұйымдастыруымен өткен «Менің қызметім» шығармашылық сайысында Тайынша аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы Анар Нығметқызы Шәріпова I орын алды.



Конкурстың басты мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің қызметі, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың құзіреттері мен өкілеттіктері туралы халықты хабардар ету.

Байқауға ауылдық округ әкімдері, құрылымдық бөлімшелердің басшылары, департаменттер мен аудан әкімдері аппараттарының бас және жетекші мамандары қатысып, еңбек жолын сипаттайтын таныстыру жұмыстарын ұсынды. Сондай-ақ өздері қызмет атқарып жүрген мемлекеттік органдардың алдында тұрған негізгі мақсаттары мен міндеттері, жеке жетістіктері туралы айтып берді.

Жеңімпаздарды Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының профессорлық-оқытушылық құрамы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет істері департаментінің өкілдерінен тұратын конкурстық комиссия анықтады. Қатысушылардың материалдары идеяның бірегейлігі, безендіру техникасы, шығармашылық тәсіл сияқты критерийлер бойынша бағаланды.

Сондай-ақ конкурс нәтижесі бойынша жүлделі II орынды мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының сот отырысының хатшысы Динара Хайроллақызы Олжабаева және Тайынша ауданының персоналды басқару қызметінің басшысы Жұлдыз Сайлаубайұлы Жүсіпова өзара бөлісті.

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕР-ЗАҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАУҒА МІНДЕТТІ

Кәсіпкерлік субъектілері кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде, мемлекеттік органдар, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары

кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасы Конституциясының, осы Кодекстің және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға міндетті. Мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне мазмұны, ресімделуі және (немесе) оларды қабылдау рәсімдері бойынша сәйкес келмейтін актілері мен шешімдері, сенім білдіру құқығы Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен заңсыз әрі жарамсыз деп танылады және күші жойылуға жатады. Әркімнің кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне, өз мүлкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызмет үшін еркін пайдалануға құқығы бар. Кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген кәсіпкерлік қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы. Міне, осындай заңдарға сүйене отырып, Голубь Наталья Викторовна Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімін басқарады. Ол бөлім басшысы ретінде қарапайым халықпен тығыз байланыста. Кәсіпкерлікпен айналысамын деген азаматтарға әрқашан кеңес беріп, құжаттарын заман талабына сай рәсімдеуге де үнемі жанашырлықпен қарайды. Мемлекеттік қызметтегі 22 жылында кәсіпкерліктің негізгі қағидаттарын толық меңгерген Н.В.Голубь өз ісінің маманы, отбасында аяулы ана. Мемлекеттік қызметкерлер күні құтты болсын, білікті басшы, тәжірибелі маман!



enbek tañda

АЙТЫЛДЫ:

«Жұмыссыздықты, әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздықты азайтуға ерекше назар аудару керек. Жоғары оқу орындарының, колледждердің түлектері, әсіресе білімі жоқ жастар тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналасу мүмкіндігіне не бола бермейді»

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі.

ОРЫНДАЛДЫ:

Қазақстандағы жастарға арналған алғашқы бос жұмыс орындарының онлайн-жәрмеңкесі
Өтетін күні: 2022 жылғы 27-29 маусым.

Жәрмеңкені өткізудің мақсаты – жастар мен түлектер үшін жұмыс орындарының қолжетімділігін кеңейту, лайықты үміткерлерді тарту арқылы жұмыс берушілер үшін жағдай процесін жеңілдету және олардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу.

Қалай қатысуға болады?

Жәрмеңкеге 18-35 жас аралығындағы кез келген қазақстандық қатыса алады. Ол үшін «ENBEK.KZ» электрондық еңбек биржасындағы жәрмеңкенің арнайы бөліміне кіру қажет.

Жұмыс іздеушілерге қандай мүмкіндіктер бар?

Жәрмеңкеге экономикалық тұрғыдан салаларынан 20-дан астам жетекші қазақстандық компаниялар қатысады, оларға 1300-ге жуық жаңа қызметкерлер қажет.

Жәрмеңке YouTube арнасында трансляция арқылы онлайн режимінде өтеді.

ОНОМАСТИКА — МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ



Бүгінгі таңда ономастика – ана тіліміздің ажырамас бөлігіне айналғандықтан, ерекше жүйе ретінде қаралып, қолданысқа енді. Осы саладағы жұмыстардың жүргізілу бағыты еліміз бойынша сәтті жүзеге асырылуда.

Осылайша Тайынша ауданына осы және басқа да саяси маңызды жаңашылдықтарды ақпараттық насихаттау және түсіндіру мақсатында жұмыс сапарымен арнайы делегация келді. Делегация құрамында «Ұлт тағдыры» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, белгілі саясаттанушы, лингвист-ғалым Досмахамбет Көшім, «Қазақ тілі» облыстық қауымдастығының төрағасы Жанат Мұхамеджанов, «Егемен Қазақстан» газетінің өкілі, белгілі журналист Жақсыбай Самрат, «Тіл рухани жаңғыру» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ануар Тоқпанов, мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат ісі басқармасының бөлім басшысы Ернияз Сұлтанов болды.

Қоғамдық пікір көшбасшыларымен кездесу Тайынша ауданындағы Келлер, Драгомировка, Чкалов, Ильичевка ауылдарында өтті. Ауыл тұрғындарымен өткен кездесу барысында ономастика заңдылығы, талаптары мен қоғамдық пікірдің ескерілуі аңгіме арқауына айналды.

Кездесу барысында тұрғындар белгілі тұлғалар есімін елді-мекен, көше атауларына ұсыну шарттары, идеологиялық мәнін жойған ескерткіштердің жай-күйі туралы сұрақтар қойып, өз ой-пікірлерін білдірді. Сонымен қатар, мемлекеттік тілдің беделін арттырып, қолданыс аясын кеңейту, бүгінгі таңдағы өзекті болып отырған ономастика мәселесіне тоқталды.

Негізінде мемлекеттік бағдарламада ономастика мәселесіне қатысты маңызды индикатор бар. Ол – ономастикалық комиссияның шешім қабылдауы барысында тұрғындар ара-

сында қоғамдық қолжетімділікті орнатып, ашықтық қағидаттарын сақтау. Жалпы бүгінгі таңда аудан орталығы Тайынша қаласында және ауданның бірқатар елді-мекендерде көшелердің атаулары қайта өзгертілген болатын. Бұл да аталған бағытта атқарылып жатқан жұмыстардың жемісі деп анық айтуға болады.

«Жалпы мемлекеттік тіл саясаты жайлы айтқанда, қазақ ономастикасы сол тілдің құрамдас бөлігі екенін ұмытпаған жөн. Айта кетерлігі, қазіргі таңда ономастика саласы тіл саясатының басым бағыттарының бірі ретінде көптілді, көпұлтты елімізде үлкен саяси-әлеуметтік, мәдени маңызға ие. Дегенмен, көше атауларына қатысты жарнамалар, көрнекі ақпараттарға қатысты шешілмей жатқан мәселелер бар», – деді «Ұлт тағдыры» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, қоғам қайраткері Досмахамбет Көшім.

Жиынға қатысушылар өздерін мазалап жүрген көкейлеріндегі сұрақтарды қойып, оған тыңғылықты жауап алды. Сонымен бірге, тарихи атаулардың, ақпараттардың дұрыс жазылуы ұлттық рухтың, елдіктің алтын бастауы, қайнар көзі екені жайында ойлар айтылды.

Алқалы отырысты қорытындылаған тілдерді дамыту бөлімі мамандарының айтуынша, дәл қазіргі таңда ономастикалық атаулардың маңызы зор. Елдің елдігі, адамдарының білім деңгейі дұрыс, қатесіз жазу барысында бірден байқалып тұрады дейді мамандар. Сондықтан ономастика саласын дамыта түсу еліміздің ең басты және құнды мұраты болып қала бермек.

 Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

ЖЕДЕЛ АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАСЫ "ШАРТТЫ ТҮРДЕ"

Ағымдағы жылдың 20 маусым мен 25 маусым аралығында СҚО бойынша пробацация қызметі мен полиция бөлімінің есепте тұрған адамдарды бақылау және қайта қылмыс жасаудың алдын алу бойынша өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру мақсатында "шартты түрде" жедел-алдын алу іс-шарасы өткізіледі. ОСП қызметкерлері Тайынша АПБ УПИ-мен бірге тұрғылықты жері бойынша рейдтік іс-шаралар өткізілді.

Тайынша ауданы БК бөлімінде есепте тұрған қайта құқық бұзушылық жасауға бейім сотталғандар тұрғылықты жері бойынша тексерілді. Сотталғандарға, туысқандарына және көршілеріне сотталғандардың тұрмыстағы, жұмыстағы және қоғамдық орындардағы мінез-құлқы мәселелері бойынша сұрау жүргізілді, сондай-ақ сотталғандармен қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстарға жол бермеу туралы профилактикалық аңгіме жүргізілді. Сотталғандарды барлық іздеу жүйелері бойынша тексеру жүргізілді.

"Шартты түрде" жедел алдын алу іс-шарасын өткізу кезеңінде Тайынша ауданының ТЖБ есебінде тұрған сотталғандар тарапынан бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін 2 ескерту шығарылды. Тайынша аудандық сотына 2 сотталғандарға қатысты бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ұсыныс жіберілді.

Дулат ШАРИПОВ,

Тайынша ауданының ПҚБ инспекторы

СҚО бойынша ҚАЖД әділет

аға лейтенанты.

* * * * *

ТАЙЫНШАЛЫҚТАР ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

Тайынша ауданының қоржынында тағы бір жеңіс. Қаладағы №4 орта мектебінің оқушылары, жас спортшылар мини-футбол бойынша республикалық турнирдің жеңімпаздары атанды. Сайыс Шымкент қаласында өткен болатын. Жеңіс тұғырынан көрінген жерлестерін тайынша-

лықтар зор қошеметпен қарсы алды.

Осылайша, Тайынша қаласы №4 орта мектебінің 7-8 сынып оқушылары мини-футболдан өткен «Былғары доп» Ұлттық мектеп лигасының жеңімпаздары атанды. Елге оралған жас спортшыларды аудан әкімінің орынбасары Г.Бәте-

нова, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы М.Хамзин, аудандық білім бөлімінің жетекшісі Г.Игибаева, аудандық ардагерлер кеңесінің төрайымы Н.Попова қарсы алып, жылы лебіздерін білдірді. Мәселен, аудан әкімінің орынбасары Гүлбаршын Бәтенова шеберліктерін көпшілікке

паш етіп, облыс пен аудан абыройын арттырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізген жас спортшыларға алғысын айтып жеткізді. Сөз кезегінде оқушылардың ата-аналары мен жаттықтырушыларына да жылы лебіздер айтылды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, балалар спорт мектебінің жаттықтырушысы Андрей Малафеев мырзаның айтуынша, республикалық турнирге жолдама өңірлік іріктеу кезеңінің нәтижелері бойынша берілген. Ал, республикалық деңгейде өткен сайысқа бару барысында Петропавл қаласындағы спорт және дене тәрбиесі өңірлік орталығы мен облыстық білім басқармасы демеушілік көмек көрсеткен. Айта кетерлігі, жас спортшылар дайындық жұмыстарын 2018-2019 оқу жылынан бастап кеткен екен. Ендігі кезекте жаз маусымына қарамастан қыздарымыз жаттығуларын жалғастырып, көрсеткіштерін одан әрі жақсартуға ниетті. Бұған дейін қыздар құрамасы мұндай жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрген екен. Дегенмен, бас жүлде алу бақыты Шымкент қаласында ұйымдастырылып, өңірлерден келген 8 команданың қатысуымен өткен турнирде бұйырды.

Олай болса, жеңісті күндеріңіз көп болғай! Құттықтаймыз!

«Тайынша таңы»
газетінің өз ақпараты



ТІС ДӘРІГЕРІ – БЕДЕЛДІ МАМАНДЫҚ



Барлық байлықтың жиынтығы - деннің саулығы ғана. Сол себептен, басымыз ауырып, балтырымыз сыздай қалса ем іздеп, бәріміз алдына баратын медицина қызметкерлерінің қоғамдағы орны ерекше. Олардың әр еңбегін бағалап отыру, оларға деген құрметімізді көрсетеді. Ақ халатты абзал жандардың еңбектері қандай марапатқа болса да лайық.

Олар аянбай тер төгіп, әр адамның өмірі үшін қолдан келгенін жасайды. Әр науқастың жанына желеу болып, ауруға қарсы тұрып, саулығын қалыптастырып қана қоймай, адам бойына өмірлік күш-қуат беріп, «Гиппократ антын» өзінің өмірлік кредосы ретінде қабылдап, қоғамның басты байлығы саналатын адам өмірінің сақшысы бола білген дәрігерлердің ерен еңбегі, атқарған істері, әрқашанда халықтың көңілінен шығады. Сондай адамзат баласы ерекше қадір тұтатын мамандық иесі – Апия Сатыбайқызы Азбаева. Ол өзінің білімі мен біліктілігін, тәжірибелі маман екенін бірнеше мәрте дәлелдеді. Ол тіс дәрігері.

Бүгін, ең бір беделді кәсіп, мамандық - тіс дәрігері. Стоматология - ғылымының өте кең бөлімі болып табылады. Ол құрылымын, функциясын, және осындай ауызша сияқты әртүрлі ауруларды емдеу зерделеу, және жақ-бет аймақты шекаралас болады. Осы орайда, бұл мамандықты ғана емес, стоматологиялық емдеуді қамтиды, сонымен қатар косметологиялық, пластикалық хирургия және медицина басқа да көптеген салаларды қамтиды. Дәрігер болу – кез келген адамның қолынан келе бермейтін кәсіп. Саналы ғұмырының 35 жылын тіс дәрігері мамандығына арнаған абзал жан, А.С.Азыбаева халықтың шынайы алғысына бөленіп жүр. Дәрігерліктен басқа, жастар тәрбиесінде де өзінің қолдан келген көмегін аяп қалған жоқ. Тіс дәрігері болып келген жас мамандарға ұстаздық етіп, мамандықтың сыры мен қырын үйретуден шаршамайды. Қазіргі еңбек атқарып жүрген Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасында ұжымның құрметті дәрігері. Құрметті ақ халатты абзал жан, Апия Сатыбайқызы! Әрдайым емделушілердің ыстық ықыласы мен құрметіне бөлене беріңіз.



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

ИНТЕРНЕТ АРҚЫЛЫ ҚАТЕЛЕРДІ ТҮЗЕТУГЕ БОЛАДЫ

2017 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 827 қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – орнықты экономикалық өсуге қол жеткізу, экономика мен ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін цифрлық экосистеміні прогрессивті дамыту.

Осы уақытқа дейін біздің республикамыздың азаматтары 2008 жылдан бастап актілерге қол жеткізе алды. Қазіргі уақытта актілік жазбалардағы қағаз форматтан электронды форматқа көшірілген мәліметтерді түзету бойынша жұмыстар жүргізілуде, осыған байланысты азаматтардың дербес деректерінде қате мәліметтер көрсетілуі мүмкін. 2018 жылдың маусым айынан бастап азаматтар үшін жеке деректерін тексеру үшін 2008 жылға дейін тіркелген архивтік актілік жазбаларға қолжетімділік ашылды. Мұрағат жазбаларында қателердің жоқтығын жеті жағдай бойынша тексеруге болады: туу, өлім, неке қию, некені бұзу, бала асырап алу, әке болуды анықтау, аты-жөні өзгерту. Айта кету керек, мұрағаттық акт жазбаларын цифрлауды әділет органдары 2013-2017 жылдар аралығында жүргізген, 5 жыл ішінде 1937-2008 жылдар аралығында 16 өңірдің мұрағаттары толық сканерленген. Қазіргі уақытта АХАЖ Е-мұрағатының орталық серверінде 50 млн. астам сканерленген және атрибутталған акт жазбалары бар. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2500000-нан астам акт жазбалары сканерленді.

АХАТ бөлімдері әділет органдарымен, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен, жеке нотариустармен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, акт жазбаларындағы өзекті емес бастапқы мәліметтерді түзету бойынша жұмыстар жүргізуде, өйткені сканерлеу жүргізу уақытында азаматтар өзгерістер, түзетулер енгізді (мысалы, неке бұзылды, аты-жөні өзгертілді, бала асырап алу, әкімшілік құқық бұзушылықтар анықталды және т.б.), сондай-ақ атрибуттау кезінде жіберілген қателерді жою.

Өзінің дербес деректерін тексерудің үш тәсілі көзделген: «электрондық үкімет» порталы арқылы азаматтар «жеке кабинетінде» өздерінің жеке деректерін де, өз балаларын да тексере алады;

Мемлекеттік корпорацияға қандай да бір қызметтерді алу үшін жүгінген кезде және сәйкессіздіктер анықталған кезде;

ақпараттық жүйелері «АХАЖ» ақпараттық жүйесімен интеграцияланған мемлекеттік органдарға, жеке нотариустарға жүгінген кезде. **Азаматтар үшін сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, сондай-ақ түзетуге өтінім берудің үш нұсқасы көзделген:**

1. «электрондық үкімет» порталы арқылы «жеке кабинетте» өз бетінше өтінім беру (АХАЖ АЖ мәліметтерін өзектендіру сервисі). Қате мәліметтерді түзету үшін құжаттардың сканерленген көшірмелерін **eGov.kz** порталы арқылы жіберу жеткілікті. Қызмет көрсету мерзімі 1 жұмыс күнін құрайды, қызмет тегін көрсетіледі.

2. «ХҚКО» ақпараттық жүйесі арқылы тиісті өтінім беруге мүмкіндігі бар Мемлекеттік корпорация қызметкерлері арқылы;

3. қандай да бір қызметтерді алу үшін ақпараттық жүйелері «АХАЖ» ақпараттық жүйесімен интеграцияланған мемлекеттік органдарға, жеке нотариустарға жүгінген кезде.

Мемлекеттік органдарға немесе жеке нотариустарға жүгінген кезде өтініш берушілерге тиісті түзетулер жүргізу үшін тіркеуші органға (АХАТ бөлімдері) немесе әділет департаменттеріне жүгінуге ұсынымдар беріледі.

Бұл жұмыс тұрақты негізде жүргізілетін болады.

АХАЖ-дың толық электрондық мұрағатының болуы азаматтық хал актілерін тіркеу процестеріне көзқарасты түбегейлі қайта қарауға мүмкіндік береді. Бірінші кезекте, бұл еліміздің басқа өңірлеріне сұратулардан бас тарту, бұл құжаттарды талап ету уақытын және тиісінше мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін айтарлықтай қысқартады. Екіншіден, азаматтық хал актілерін тіркеудің барлық түрлеріне экс-аумақтылық қағидатын қолдануға мүмкіндік береді, сондай-ақ мемлекеттік органдар арасындағы ведомствоаралық электрондық өзара іс-қимылды жүзеге асыруды жеңілдетеді. Сонымен қатар, азаматтар деректерді қағаз форматынан электрондық форматқа көшіру процесінде жіберілген қате мәліметтер ғана түзетуге жататынына назар аударғаны жөн. Қағаз акт жазбаларындағы, азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктердегі қателер заңнамада белгіленген тәртіппен түзетуге жатады.

Айнұр ШӘРІПОВА,
азаматтық хал актілерін
тіркеу бөлімінің бас инспекторы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Қасиетті Торғай даласының тумасы, Келлеровка ауылының тұрғыны, отбасында ардақты әке, немерелері үшін ақылшы атасы - **Успанов Фазыл Файзоллаұлы 70 жасқа толды.** Атамызға мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз! Әжеміз екеуі бақытты ұзақ өмір сүріп, немерелерінің қызығына бөлене берсін. 70 жас туған күнің құтты болсын, өміріңіз шаттық пен нұрға толсын. Қызықты күндеріңіз арайланып, Көкірегіңіз күмбірлеген күйге толсын, деп ақын жүрек жырлағандай, атамыздың өмірде қуанышты күндері көп болсын!

*Той бүгін, шалқар шаттық төріндегі,
Күн бүгін, нұрын төккен көгіндегі.
Жан әке, Сіз ғой биік асқарымыз,
Сіз барда шайдай ашық аспанымыз.
Жұп жазбай анамызбен ғұмыр бойы
Бақ таймай, ұзақ болғай жастарыңыз.
Жетпіске толған шақта жан әкеміз,
Жан сырды ақтарайық көңілдегі.*

*Біздерді сәби кезден қаз бастаған,
Сол кезде жастықтағы қалмас тұрған.
Әкенің жолын қуып ұрпағың да,
Еңбектің ұлы жолын жалғастырған.*

*Білеміз өміріңде сан із барын,
Бар балаң маздап жанған жұлдыздарың.
Өзіңді мақтан етер, ұлағатты,
Беделді, сыйласын деп ұл-қыздарың.*

*Тәрбиең өзің берген мол мұрадай,
Сан күйді шертіп тұрған домбырадай.
Ағайын, дос-жаранға сыйлылығын,
Көргенде өзге жұрт та таңалады-ай.*

*Өмірде күндер кешіп жарасымды,
Жинадың зерделі ой мен бар асылды.
Әлі де ұзақ жасап ортамызда –
Тойлайық бірге өзіңмен бір гасырды.*

**Ақ тілекпен:
Балаларыңыз бен немерелеріңіз.**

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып
табылады.
Индекс: 65710
Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА**

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген
Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 ұй.
Талсырыс 208. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы,
Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715 36) 23-8-51
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.